

**Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы сұралып отырған жер учаскесінің тұстамасындағы Үлкен Бөкен өзені, Бөкенбай, Нұрлыбай, атауы жоқ №№ 1-4 бұлақтарының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 29 шілдедегі № 258 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 3 тамызда № 7426 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануын мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

**1. Мыналар:**

1) осы қаулының қосымшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы сұралып отырған жер учаскесінің тұстамасындағы Үлкен Бөкен өзені, Бөкенбай, Нұрлыбай, атауы жоқ №№ 1-4 бұлақтарының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы сұралып отырған жер учаскесінің тұстамасындағы Үлкен Бөкен өзені, Бөкенбай, Нұрлыбай, атауы жоқ №№ 1-4 бұлақтарының су қорғау аймақтары аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызмет режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Ұлан ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырсын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы әкімі

Д. Ахметов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Экология, геология және табиғи ресурстар

министрлігі Су ресурстары комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу

және қорғау жөніндегі Ертiс бассейндiк

инспекциясы басшысының мiндетiн атқарушы

Е. Камбаров

2020 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Шығыс

Қазақстан облысы әкімдігінің

2020 жылғы 29 шілдесі № 258

қаулысына қосымша

## Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы сұралып отырған жер учаскесінің тұстамасындағы Үлкен Бөкен өзені, Бөкенбай, Нұрлыбай, атауы жоқ №№ 1-4 бұлақтарының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері

Су объектісі, оның учаскесі	Су қорғау аймағы			Су қорғау белдеуі		
	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м
1	2	3	4	5	6	7
Үлкен Бөкен өзені, сол жақ жағалау	1,5046	104,8	431-890	3,0088	37,9	100
Бөкенбай бұлағы, оң жақ жағалау	1,72	108,2	500	2,4946	26,3	100
Бөкенбай бұлағы, сол жақ жағалау	3,894	185,2	267-888	4,6078	47,3	100
Нұрлыбай бұлағы, оң жақ жағалау	3,894	155,7	270-838	3,6266	37,3	100
Нұрлыбай бұлағы, сол жағалау	1,844	37,3	83-346	1,9398	25,8	83-100
Атауы жоқ № 1 бұлағы, оң жақ жағалау	0,337	16,8	81-453	0,7448	10,1	81-100
Атауы жоқ № 1 бұлағы, сол жақ жағалау	1,24	35,1	100-343	1,2695	12,2	100

Атауы жоқ № 2 бұлағы, оң жағалау	1,25	22,2	90-314	1,122	12	90-100
Атауы жоқ № 2 бұлағы, сол жақ жағалау	2,397	25,6	70-233	1,4161	12,9	70-100
Атауы жоқ № 3 бұлағы, оң жақ жағалау	2,38	33,8	100-239	1,9964	20	100
Атауы жоқ № 3 бұлағы, сол жақ жағалау	1,095	7,9	100-230	0,6447	5,9	100
Атауы жоқ № 4 бұлағы, оң жақ жағалау	1,72	69,8	235-560	1,7561	17,5	100

Ескертпе:

Су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК